

10. Искандаров Б.И, Массон В.М, Нигметов Н.Н. Раннесредневековая культура Средней Азии и Казахстана: тез. Всесоюз. науч. конф. в г. Пенджикенте Таджик. ССР, 26-31 авг. 1977 г. - Душанбе: «Дониш», 1977. - 184 с.

ӘОЖ 433-929

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ КЕМЕЛ ТОҚАЕВТЫҢ ӨШПЕС МҰРАСЫ

**Шакиев Мадияр Нуржанович**

[madiyar.shakiev@mail.ru](mailto:madiyar.shakiev@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты

Ғылыми жетекшісі: - т.ғ.д., профессор Садықов Т.С.

«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» [1,1] - деп Елбасымыздың айтқан келелі ой-толғамына көз жіберсек, тәуелсіздік - халқымыздың тарихында жаңа дәуірдің бетін ашып, бүкіл қоғамдық өмірімізге жаңа серпін ала келгендігі ақиқат. Сол тәуелсіздіктің жаңа лебімен қазақ тарихында ұлы тұлғалар мен ұлт интелегенцияларының есімі де жаңғырды. Ендеше, бабаларымыздың жарқын істерін насихаттау - бесігіміздің бүтін, жеріміздің тұтас, тіл мен діліміздің, түптеп келгенде тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуының басты кепілі. Осы орайда, кешегі өткен тарихымыздың жарқын келбетіндегі ұлтжанды Алаш зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – өткен дәуірдің перзенті, келер заманның атасы» [2, 1] - деген екен. Қазақ тәуелсіздігі жолында өздерінің өмірлерін қиған ұлтжанды тұлғаларымыздың жанкешті игі қасиеттерін бүгінгі ұрпағына дұрыс насихатталуының арқасында – кемел келешекті айқындай аларымыз анық. Тарихтың даму үрдістеріне ғылым, техника, философия, әдебиет, өнер, діни ой-сана саласындағы біртуар дарын иелерінің де қосар үлесі айрықша зор.

Фараби мен Яссауи, Қорқыт пен Асанқайғы, Шоқан мен Ыбырай, Абай мен Жамбыл, Құрманғазы мен Тәттімбет, Ақан мен Біржан, Әсет пен Мұхит, Қаныш пен Ақжан, Мұхтар мен Жүсіпбек, Мұқан мен Нұрғиса, Әбілхан мен Шәкен және Кемел сияқты біртуар тұлғаларының есімін ардақ тұтады. Тізбектелген тарих беттерінде өз орнын ойып қалдырған азаматтарын халық өз бетінше істеген істеріне қарай отырып, лайықты бағасын береді. Алайда, бүгінгі күні, әртүрлі себептермен халқына ерен еңбек сіңірген кеменгер тұлғалар жеткілікті деңгейде зерттелмей отыр. Соңғы кездегі тұлғаларды зерттеу кеңінен қолға алынып жатқан тұста, Кемел Тоқаев есімін зерттеп, оның мұрасына тиісті бағасын берген жөн деп есептейміз. Бар нәрсенің бастауы тарихта жатыр. Ғылымның да ең алғашқысы – тарих. Тарих тәжірибесі адамдарды ізденуге, кешегіден – бүгін, бүгінгіден – ертең ілгері басуға итермелейді. Тіпті ғылымдардың негізі саналатын философияның өзі де тарих ғылымынан нәр алады. Ал, сол тарих қашан, неден басталып еді деген сұраққа келсек, оның жауабы біреу-ақ – адам пайда болған сәттен нағыз тарих басталады, тарихтан тағлым алумен адамдар өзін де, өзгені де таниды [3, 44].

Байтақ жеріміздің ерекше аймағы Жетісудың жүрегі саналатын Қаратал өңірінде шешен, батыр бабаларының ізін жалғаған Ұлы Отан соғысының ардагері, драматург, жазушы, екі мәрте «Ерлігі үшін» медалінің, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет Грамоталарының иегері, қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін қалаған көрнекті қаламгер – Кемел Тоқаев Алматы облысы Қаратал ауданының Кәлпе ауылында 1923 жылдың 2 қазанында дүниеге келген. Кеңес үкіметі келіп, бейбіт халыққа ұжымдастыру саясатын жүзеге асырылып, дауылды кезең басталған кезде әкесі Тоқа отбасын арашалап қалу ойымен, кесапат кезең өткенше Фрунзе қаласына отбасын көшіріп, үлкен тәуекелге барады. Алайда, шағын шаңырақ ол жақта қиын күндерді бастарынан кешіп, Кемел Тоқаев аз уақыттың ішінде асқар тау әкесі мен ақ жаулықты анасынан, қарындасынан айрылады. Жалғыз тірегі ағасы Қасыммен Шымкенттегі балалар үйінде тәрбиеленіп, жетімдіктің

ауыртпашылықтарын басынан өткерген. Дүниені дүр сілкіндіріп, миллиондаған адамның өмірін қиған сұрапыл соғысқа алдымен ағасы Қасым аттанып, 1942 жылы ерлікпен қаза тапқан. 18 жасында жалғыз бауырынан айырылған Кемел Тоқаев тұлдыр жетім қалады. «Мен ең қиын сәт ағамның қайтыс болғаны туралы хабарды - «қарақағазды» алған сәтім » деп есіне алады. Кемел ең қиын кезім болды дегенмен алда әлі талай бұралаң жолдар , асу бермес асулар, өткел бермес өзендер тосып тұр еді [4, 3 ].

Орта мектепті тәмәмдаған соң әскер қатарына алынып, Бішкек қаласындағы әскери училищесінде оқып, 226 атқыштар дивизиясында бөлім командирі болып Сталинград шайқасына кіреді. 7- гвардияшылар танк полкы құрамында Сталинград, Оңтүстік-батыс, 1-Украина, 2-Белоруссия майдандарында, Польшада болады. Польша жерінде ауыр жараланып, соғыс жолын аяқтайды.

Кемел Тоқаев соғыстан 2- топтағы мүгедек болып қайтады. Білімі де, жұмысы, арқа сүйер адамы да жоқ ол, қиындыққа мойымай, адал жолдан адастымайтын бір ғана амал білім екенін түсініп, 1945 жылы Қазақ мемлекеттік Киров атындағы университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Кеудесі медальдарға толы әскери киіммен оқуға емтихансыз қабылданады. Оқу барысында әдеби шығармалар жазудың хас шеберлері, соның ішінде Мұхтар Әуезовтың дәрістерін тыңдайды. Соның ықпалы болды ма мүмкін, қалам сермеп қазақ әдебиетін байытуға ниеттенеді. Осылайша жарқын болашағына деген үміті оянып, Кемел Тоқаев өмірдегі өзінің орнын іздеу сапарына аттанады.

1949 - 1953 жылдар арасында «Лениншіл жас» газетінде жастар бөлімін басқарып, тәжірибе жинай бастайды. Алғашқы повестері, әңгімелері осы жылдары жарық көріп, шығармашылық баспалдақтағы алғашқы қадамдарын болды. Баласы Қасым-Жомарт Тоқаев сол бір кезеңді есіне алғанда «50- жылдары біздің отбасымыз қысылып-қымтырылып коммуналдық пәтердің бір тар бөлмесінде тұрдық. Түнде оянып кетсем, әкем үстел шамының әлсіз жарығымен қағазға шұқшиып отыратын. Сол қолында түтіндеген папирасы, оң қолымен бір сөзден соң бір сөзді маржандай тізе беретін», - дейді. Түнде жазу жазып, күндіз «Қазақстан пионері» газетінің редакторы қызметін, 1956-1960 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде жауапты хатшы қызметін атқарады. Бұл қызметінен өз еркімен босағаннан кейін 17 жыл бойы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің «Жаршысында» хатшы, жауапты редактор болып қызмет жасайды. Сол жылдары жазушының қаламынан «Көмескі із», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Арнаулы тапсырма», «Қыс қарлығашы», «Соңғы соққы», «Солдат соғысқа кетті», «Ұясынан безген құс», «Сарғабанда болған оқиға» тағы басқа айтары сонарға түскен соқпақтай айқын шығармалары жарық көреді [5, 3]. Кемел Тоқаевтың көркем шығармалары халық қалауына бөленіп, кітаптары мыңдаған даналармен шығады. Аз уақыттың ішінде батыр-жазушы қазақ әдебиетіндегі шытырман оқиғалы детективтік жанрдан ойып орнын алып, негізін қалаушыларының бірі болды. Детективтік дүниені тек қасаң сөздермен емес, көркем тілмен де өрнектеп сипаттары қандай деген мәселеге келетін болсақ, ең алдымен мынадай жайттарға назар аударамыз. Біріншіден, кейіпкердің адами болмыс-бітімі мен мінез-құлқының қоса ашылып отыруы. Оған дәлел-мына төмендегі бір-екі мысал. «Өңі жұқалау келгенде келген ақ құба әйел . Реңі бөтен емес. Қыр мұрынды әдемішенің өзі. Көк бастоннан белін қынамалық тіккізген пішпенті бар, етегі кеңдеу. Иегін көтеріп, қасын керіп, кербез сөйлейді» (Тоқаев К. Повестер. - Астана: Елорда, 2007. - 368 б.) деген қысқаша суреттеу арқылы кезекті кейіпкерді оқырманның танып алатынында сөз жоқ. Екі үзінді де артық- ауыс сөздерден аз да, сурет дәл де ықшам [6, 22]. Осыдан шығатын қорытынды - Кемел Тоқаевтың көркемдіктің мәнін түсініп, игере білген жазушы екендігі.

Кемел Тоқаев табанды еңбегімен, өінің кәсіби шеберлігімен жүзден сурылып шыққан, аты кеңің жайылған тұлға. Алайда оның өз отбасында, үзеңгілестері, замандастары, шәкірттері мен оқырмандары арасында оның ашық мінезділігі, қарапайымдылығы, салмақтылығы, бауырмалдығы сияқты жеке қасиеттері, Кемел Тоқаевты өзгелерден ерекшелеп, биіктетеді. Оған дәлел болатын оның замандастарының естелік жазбалары,

сұхбаттары, мақалалары бола алады. Айтылған жазбалармен, мақалалармен танысқан кезде, еріксіз нардай тұлғаның бейнесі елестейді.

Кемел Тоқаев анда-санда әлдекіге телефон соғады. Екеуімізге Ортақ бір аппарат. Ол кісі алдымен маған қарап, жылы жымияды, сонан соң барып қоңырау шалады. "Қандай әдепті адам" деймін іштей. Ал Белқайыр Аманшин қабағы қатулау. Мені баласына ма, қатқылдау сөйлейді. Бір күні келсем терезенің түбіндегі менің столымда Берқайыр ағам отыр. Есік жақтағы - Қуандық ағам отырған столдың үстінде қағаздарым үйіліп жатыр. Бераған маған мүлде мән берген жоқ, сәлемімді алмастан үн-түнсіз отыр. - Кешір айналайын... Сен жассың ғой әлі. Берқайыр ағаң жарықтау жерге әдейі отырды, - деді Кемел Тоқаев. Мына жағдайға өзі кінәлі сияқты абыржып, қысылып тұр. Жасының үлкендігіне қарамай кішірейіп сөйлейді. Мен күлдім де қойдым. Кемел ағаның жүзі жылып, езуіне болар-болмас күлкі ілініпті. Дауысы да соншалық жұмсақ, жүрекке жылы тиеді. Тас мүсін болып қатып отырған Берқайыр Аманшиннің мазасын алмайын дей ме, сыбырлап баяу сөйлейді [7, 22].

Сұрапыл соғысты басынан кешірген, жан түршігер көріністерді өз көзімен көріп, балық, жастық шағында көптеген ауыртпашылықтарды кешірсе де, адамға деген, өмірге деген сүйіспеншілігін еш жоғалтпаған кемел тұлға бейнесі атына заты сай деуіміз аздау болатындай.

Мемлекеттік университетті бітірер-бітірместен жұмысқа орналастым. Көп кешікпей "Жұлдыз" журналына ауыстым. Одан кейін "Жазушы" баспасында жұмыс істеуге тура келді. Осы кездерде мен біраз қаламдас ағаларыммен, інілеріммен таныстым. Менің азамат болып қалыптасуыма осы істеген жұмыстарым көп көмектесті. Ең бастысы - алдымен жақсы адамдармен жақындастым. Жұмыс істеп үйрендім. Өрісім кеңіді. Көп ағайынмен істес болдым. Соның бірі - Кемел Тоқаев. Өте биязы, өте жұғымды, кім-кіммен де тез тіл табысып кете алатын алды кең азамат екен. Біз бірден ағалы-інілі жандардай пікірлес, ниеттес, әріптестерге айналдық. Кемел ағамыз ол кезде "Таңбалы алтын", "Соңғы соққы" тәрізді толып жатқан туындылардың авторы. 1980-1984 жылдары Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып істеді. Лап етіп жанып, жалп етіп өшетін күйгелек жанға ұқсамайды. Өз бағасын өзі жақсы білетін салмақты да сабырлы жан екеніне жылдам көзім жетті. Жаңылмаппын, ақыры солай болып шықты. Біріміз аға, біріміз іні іспетті. Бірақ ол әскерде болған. От пен су кешкен. Әбден ысылған. Тәжірибелі азамат. Көпті көріп, көпті біліп, ақыл-ойы толысқан салиқалы азамат. Өнер адамы. Дәлірек айтсам, бірнеше кітаптың авторы, жазушы. Мен болсам, бар болғаны балалық мектеп, университет, студенттік кезең, журнал редакциясы...Көркем әдебиетке төте жолмен келген жас ақын. Бірақ біраз кітабын шығарып та үлгерген, белгілі дәрежеде тәжірибелі қаламгермін. Байқаймын, тәрбиеміз, мінезіміз ұқсас, тіптен көптен таныс керек десеңіз, әбден сырлас адамдардай жатырқамай жақындасып кеттік [8, 4]. Аты жаңғырып тұрған ақиық ақын, жазушы Қадыр Мырза Әли әріптесі Кемел Тоқаевтың тұлғалық келбетіне осы сөздерімен жадында қалған әсерін жеткізіп отыр.

Ұлы Отан соғысының батыры, халық қаһарманы, жазушы Қасым Қайсенов атамыз Кемел Тоқаевпен жақын достық қарым қатынаста болып, оны інісіндей көріп ерекше сыйлағанын өз сөздерінде анық білдіреді. Артынан өшпес мұрасын, игі істерін, замандастарының жадында биязы мінезімен жылы лебіздер қалдырған дара тұлғаға арналған мақаланы батыр Қасым Қайсеновтың естелік сөзімен қорытындылаудың реті келіп тұр. Кемел өмірінің соңғы жылдары Жазушылар одағында кеңесші болып істеп жүрген күндерінің бірінде: «Қазір кезінде қуғын-сүргін көргендерді де ақтап жатыр ғой, Қаске. Мен сізді де «ақтадым» Өткендегі қазақша шыққан кітаптың «Особое задание» деп аталған орысша басылымында сіздің аты-жөніңізді өзгертпей алдым» - деп маған ітабын табыс етті. Мен оған рахмет айтып, ризашылығымды білдірдім. Кейінгі жылдардағы Украинаға бара қалсам, ондағы партизандар «Кемел қайда, ол неге келмеді?» - деп жамырай сұрайтын болды. Мен не дерімді білмей, ескі партизандар әдеті бойынша екі алақаныммен бетімді басамын, көзіме жас толып кетеді. Олар бір сұмдықтың болғанын, сұм ажал оны жалмап қойғанын түсініп, мені күйзелткілері келмей, әңгімені басқа жаққа бұрып әкетеді. Кемелдің

үлкен жүректі азамат, шынайы талан иесі екенін украиналықтар да мойындаған болатын. Сонау сұрапыл соғыс жылдардағы соғыс майданының жауынгері, одан кейінгі жылдардағы әдебиет майданының майталман өкілдерінің бірі - Кемел Тоқаев жазушылық кемел шағында дүниеден өтіп еді. Оның қалдырған мол мұралары әдебиетіміздің тілегей-теңіз шалқарына қосылған рухани байлық екені даусыз [8, 8]. Демек, қазақ тарихындағы ұлан-байтақ жерімізді білектің күшімен, найзаның ұшымен, ақылдың амалымен сақтап, бізге жеткізуге үлес қосқан бабаларымыздың есімдері алтын әріппен жазылатынына ешкімнің шүбәсі жоқ болар деген ойдамыз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. //«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір.
2. Егемен Қазақстан. //Ұлт тарихы – ұрпаққа өнеге. 2015 жыл. 23 сәуір.
3. Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. //Астана: «Ана тіл – Ана тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС., -2007 – 272 б.
4. Жайлаубаев Ж. Тағылым. //Жетісу газеті. № 131(17113) Алматы: 2008. – 22 қараша. - 3 б.
5. Есен Ж. Қазақ детектив жанрының тұңғыш қаламгері. //III Халықаралық Фараби оқулары. Алматы: 2016. - 12 сәуір. - 21-22 Б.
6. Мұқай Б. Жұмбақ жан. // Парасат журналы № 4 Алматы: 2003. - сәуір - 22-23 Б.
7. Қадыр Мырза Ә. Жазушы мұраты. // Егемен Қазақстан газеті № 97(25494) Алматы: 2009. - 12 наурыз - 4 б.
8. Қайсенов Қ. Кемел кемел шағында еді. // Қазақ әдебиеті газеті № 49 (2627) Алматы: 1999. - 3 желтоқсан - 8 б.

ӨОЖ 94 (547)

### **ТАРИХИ ШЕЖІРЕДЕ АТЫ АНЫЗҒА АЙНАЛҒАН ЕР-ҚАПТАҒАЙ ТУЛҒАСЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ТАЛДАУ**

**Шакуова Мадина Сералықызы**

madina.shakuova@bk.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің тарих факультеті

5В020300 – «Тарих» мамандығының 4 студенті

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д. Алпысбес Мақсат Алпысбесұлы

Бұл мақала аты аңызға айналып, дүйім жұртқа ұран болған Ер-Қаптағайға және оның найман шежіресіндегі ата-тегіне арналған. Тарихи шежіреге жүгінсек, Қаптағайдың ата-тегі насабанамаларда айқын таратылады: найман – Орта жүздің алты арысының бірі екені ел-жұртқа мәлім. Найман – шежіреде адам аты әрі ру-тайпа аты ретінде аталады. Сонымен, Найманнан туған Белгібай, ал оның лақап аты Өкіреш делінеді. Белгібайдан туған – Сүйінші, Сүгірші, Өтеген. Сүйіншіден – Төлегетай, немесе, кейбір шежірелерде Төлек атай делінеді. Төлегетайдан Қытай, немесе Қынтай, Қытайдан – Қаракерей, Матай, Садыр және Төртуыл болып тарайды. Қытай болса небәрі 36 жасында қайтыс болған делінеді. Оның балалары Төлегетай қолында өседі. Сол үшін ол төртеуін Төрт Төлегетай немесе Төлегетайдың Төрт Бөрісі деп лақапқа шығарған. Ал Матай болса, Аталық, немесе Келдәулет, Қаптағай, немесе, Біржігіт, және Кенжеғ, немесе Избасар атасы. Үлкен Жетісу өлкесінде жарыққа шыққан найман шежірелерінде, Матайдан Аталық, немесе Келдәулет, Қаптағай, немесе Келмәмбет иә Жандәулет, және Кенже, немесе Жүзжігіт тарайды деп көрсетеді. Шежіре нұсқаларының көбісі осыны құптайды.

Ер Қаптағай Қазақ хандығы мемлекетінің алғашқы хандарының бірі Өз-Жәнібектің батырларының бірі болған деседі. Хан Бұрындықтың қызметінде болып, хан Қасымның қасында да болған. Демек ол өз кезінің хан-батырларының бірі әрі бірегейі бола білген